



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

солардың бәрін жеңіп шығатын, асқан күш, төтен ерлік, қысқасы, бойында сан алуан ерен қасиеті бар батырды, ерлікті аңсаған ұлы арман, зор тілектің сәулесі болып батыр образдары туады десек, «Алпамыс» эпосының идеялық мазмұны да осыны қамтиды.

«Алпамыс батыр» жыры қазақ халқының ауыз әдебиетіне жатады және жырдың қазақша бірнеше нұсқалары бар. М. Ғабдуллин «Алпамыс батыр» жырының жиналуы мен зерттелуі тураы былай деп жазады: «...«Алпамыс» қазақ еліне, әсіресе оңтүстік қазақтарына, ертеден таныс, көп заман бойына ауызша айту арқылы тараған көне жырдың бірі бола тұрса да, тек өткен ғасырдың аяқ кезінде ғана хатқа түсіп, баспа жүзіне шықты. Жырдың бір вариантын алғаш рет Жүсіпбек қожа Шейхұлы Исламов деген кісі 1899 - жылы Қазан қаласында бастырып шығарды. Содан кейін жырдың осы варианты өзгеріссіз 1901, 1905, 1907, 1910, 1912, 1914, 1916 жылдары қайта басылды. Жырдың бұл вариантында айтылатын негізгі әңгімелер Алпамыстың Гүлбаршынға үйленуі, Тайшық ханға аттануы. Ұлтанды жеңуі жайында болатын...» (М.Ғабдуллин, «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», Алматы, «Мектеп» баспасы, 1974- жыл, 169 -170 беттер).

Ата – бабаларымыздың қанына сіңген дәстүр – жерді шет ел басқыншыларынан қорғау болса, сол жерді қорғаушы халықтың басын біріктіріп ұстау идеясын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Осы елді біріктіру идеясы «Алпамыс батыр» жырын биікке көтеріп тұр. Қазақ халқының ұлттық идеясы да осы елді біріктіру, қасиетті жерді қорғау. Ел қорғау дегеніміз- ұлт бірлігін сақтау.

«Алпамыс батыр» жыры елдігіміз бен ерлігімізді бүкіл әлемге білдіретін аса көрнекі, халқымыздың салт –дәстүрі сақтаған жыр. Жырды оқыту арқылы жастарды патриотизмге тәрбиелеу- қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін мәселе.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан» ұлттық энциклопедия І том. - Алматы, 1998
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті . - Алматы: Ана тілі. - 1991
3. Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтарының фольклоры. – Астана, 2009. – 432 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы . – Алматы: Санат. - 1994
5. «Жас Алаш» 2002, 19 ақпан, № 21
6. Қазақ Совет энциклопедиясы 12-том
7. Батырлар жыры II том. - Алматы: Жазушы. - 1986

УДК 140.8:316.346.2-055.2(3=512.1)

ТҮРКІЛЕР ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ РӨЛІ

Оролбек Ерханат

Oralbek-1990@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

түрктану кафедрасының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – Сыздықов С.М.

Түркілер әйел ананы отбасының құты мен ырысы, ұйытқысы мен жылуы деп таныған. Сондықтан да болар түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы - ғалым Лев Гумилев “Көне түріктер” деген іргелі зерттеуінде “Түркілер әйелдерді сал серілердей әдейі қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да ордада апа қарындастары қалып қойып, оларға ажал қауіп төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады... Түркілерде анасының шыққан тегіне айырықша мән берілген”[1,1036] - деп жазған.

Ежелгі түркілердің ең көне дүниетанымында қалыптасқан дүниенің қос жынысты бастауы туралы түсініктерінде дүниенің өте белсенді, қозғалмалы, шығармашылық бастамасы әйел болып табылады. Сондықтан түркі дүниетанымындағы әйел бейнелерін зерттеудің маңызы зор.

Көне түркі руникалық жазуларындағы құдайлар триадасында Тәңірдің ең басты құдай екені және әке құдай екені күмән келтірмейді. Осы жазбаларға сүйенсек, сол дәуірде түркі халқының өмірінде елеулі орын алған үш құдайдың болғанын байқаймыз. Бұл Тоныкөк ескерткішіндегі мына жолдардан көреміз:

«Тәңірі, Ұмай, қасиетті Жер-Су

Жеңіс сыйлай берген екен

Неге қашамыз көп екен деп...» [2,111б.]

Және қалған екеуінің –Жер-Су мен Ұмайдың әйел тәңірлер екенін аңғаруға болады. Жер-Судың тәңір-аналығы Жер-ана, Су-ана түсініктерінен байқалса, Ұмайдың түркі дүниетанымындағы бейнесінен оның әйел тәңір екендігіне күмән қалмайды. «Ежелгі түркілер Ұмайды өте сұлу және қайырымды, күліп-ойнайтын, күміс шашымен аспанды жарқыратқан, күн сәулесімен кемпірқосақ шомылған, қолында балаларды қорғайтын алтын садағы бар жас келіншек, айтпесе қыз ретінде таныған»[3,154-155бб]. Сонымен, жоғарғы, әке-құдай Тәңір мен екі әйел құдай Жер-Су мен Ұмай үштігі шықты және екі әйел құдай «бәйбіше-тоқал» бинарлық жұбын еске түсіреді. М.Орынбеков Ұмайдың беделінің біртіндеп өсуі, Тәңірмен қатар қойылуы Жетісу мен Ыстықкөл маңынан табылған көп ескерткіштерден, Құдырғы тасына салынған Тәңір мен Ұмайға түркі әскерлерінің сыйыну сәті бейнеленген суреттен айқын көрінетінін, біртіндеп Жер-Су соңғы орынға ысырылып, Ұмайдың Тәңірден кейінгі екінші орынға шыққанын, бұның түркі өміріндегі қатардағы құбылыс, жас әйелдің өзінен бұрынғы жасы үлкен әйелді ығыстырып шығаруына ұқсайтынын айтады [4,11-12бб].

Түркілердің «Ұмай ана» түсінігінде әйел тегіне деген текті ұғым жатыр. Көне түркілердің мифологиясында «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебейтін періште саналады. Бізге жеткен деректерде ерте дәуірде Алтай тауын мекендеген түркі жұртты құрық бойы қар жауған бір қатты қыста қырылып қалады. Осы қақаған аязда Айсұлу атты қыз бөстекке оранып аман қалады. Оны Алтайдың үңгірін мекен еткен Аю батыр тауып алып, Айсұлуды сұлқ жатқан жерінен Ұмай ананың көмегімен тірілтіп алады. Көп ұзамай Аю батырдан Айсұлу жүкті болады. Аю батыр үйде жоқта толқақ қысқан Айсұлуды Ұмай ана жебеп, бір ұл бір қызды дүниеге әкеледі. Содан түркі қауымы рулы елге айналып, бүгінге күнге жетеді [5,45б]. Яғни, көне бұл аңыздан ұғатынымыз «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебеуші мейірімді рухани күш саналады.

Көне түркінің дүниетанымында «Ұмай анадан» өзге «бес ене» түсінігі де болған. Әсілі, қазақтың «бесенеден белгілі» сөз тіркесі осы «бес ене» ұғымынан шыққан. Көне түркілер пендені желеп-жебейтін Ұмай ана, Май ана, От ене, Ұмайық және Бай әжені «бес ене» деп қабылдаған (Бақыт Әбжет. Түркі халықтарындағы шамандыққа сыйынудың негізгі түрлері). «Бес ене» періште текті рухани күш саналғандықтан, адамды ауруынан емдеп, жолын ашып, алдынан жарылқай білген. Осы себептен де көне түркілер «Ұмай анамен» бірге «бес енені» де пір тұтқан.

Біз тарихтың түп-қойнауы ерте дәуірде еркектердің қабілетіне деген қоғамдық сұраныс артқанға дейін әйелдердің билігі орнаған «матриархат» кезеңі болды деп жатамыз. Бірақ, қазақ тарихында «матриархат» дәуірінің болып-болмағаны жөнінде тарихшыларымыз жақ ашпайды. Тек, Батыс тарихшылары негізін салып берген еуроцентризмнің теория-методологиясына сүйене келе ежелгі дүние тарихының оқулықтарында матриархат дәуірі болған деп болжамдайды. Әйтсе де, ғылымда гипотезаға рұқсат берілгенімен, ол нақты ғылыми шындықты білдіре бермейді.

Матриархат қоғамын жасаған «Амазонка» қауымы туралы алғашқылардың бірі болып ізденіс жасаған швейцариялық ғалым И.Я. Бахофен «Ана құқығы» (1861) және американдық Л.Г. Моргана «Көне қоғам» (1877) атты шығармаларында көне түркілерде ана еркі

қоғамының болғанын нақты атап көрсетпейді. Осы екі ғалымның матриархаттық концепциясын қуаттаған Ф.Энгельс «Отбасы, жекеменшік және мемлекеттің шығу тегі» атты шығармасында алғашқы қауымдық қоғамда ұжымдық өмір сүрудің алғашқы тұрпаты ана еркіне негізделген деп біледі. Сондай-ақ, бұл ана еркі кезеңінің жер бетінде ғұмыр кешкен барлық халықтарға тән екенін қадап айтады. Қанша уақыттан бері қасаң түсінікке айналған осы теорияны соңғы кездері ғана базбір тарихшылар жоққа шығаруда [6,12-146б].

Ежелгі грек тарихшысы Геродоттың шығармасында б.з.б V ғасырға дейін өмір сүрген «Амазонка» атты әйелдер қауымының төрткүл дүниеге билік жүргізбек болып, төңірегіндегі елдерге шапқыншылық жасаған. Осетин халқының ежелгі эпостарының бірінде осы «Амазонка» әйелдерінің бір кездері Қаратеңіздің теріскейіндегі скиф тайпаларында шабуылдағаны баяндалады. Осы соғыстарда сарматтар қолға түскен «амазонкалықтарға» үйленіп, олардан ұрпақ та тараған екен. Зерттеушілер осы оқиғадан кейін матриархаттық жөн-жоралғылардың скиф тайпаларына тарала бастағанын айтады [7,119-121бб].

Ал, сарматтармен бір кезеңде қатар қоңсы өмір сүрген сақ тайпаларында матриархаттық қоғам болды ма?

Тарихшылар Зарина мен Тұмар ханшайымның билік құрғанына қарап, сақ дәуірінде де ана еркі қоғамының белгілерінің болғандығын айтады. Сондай-ақ, антропологтар Есік қорғанынан және Берел қорғанынан табылған «Алтын адамдардың» сүйегі әйел адамдікі екенін дәлелдеді. Одан өзге Еуразия даласынан сақ дәуіріне тән қаншама әйел мүсінді балбал тастар табылды. Осыған қарап сақ қоғамында ана билігінің орнағандығы нақты тұжырымдалмаса да, матриархаттық институттардың болғанын болжаймыз.

Сақ тайпаларының көне түркілермен генеологиялық байланысының болып-болмағаны көмескілеу көрінгенімен, географиялық байланысының бар екені баршаға мәлім. Көне түркілерде патриархалды басқару жүйесі бекігенімен, олардың дүниетанымында әйел затына деген құрмет ерекше-тін. Түркілер әйелді күнделікті тұрмыста шаңырақтың бір уығын көтерісетін ер адамның қосағы деп ғана түсінген жоқ, әйел затын қасиетті «Ұмай ананың» сарқыты деп бағалады.

Түркілердің Исламға дейінгі дүниетанымынан сыр шертетін жауһар туындылардың бірі «Қорқыт ата кітабы» екені аян. Бұл тарихи шығармада түркілердің әйел туралы пайымдаулары да көрініс береді. «Қорқыт ата кітабын» терең зерттеген Ә.Қоңыратбаев туындының бүгінге жеткен нұсқасына мұсылмандық құндылықтардың да кіріккенін айтады. Десекте, «Қорқыт ата кітабындағы» нәзік жандыларға қатысты пайымдаулар көне түркінің әйел танымын әйгілейтіні анық.

Қорқыт атаның пайымдауынша, әйел төрт түрлі болады. Оның бірі – ниеті қураған әйел, екіншісі – ынсапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесір әйел.

Әйел біткеннің ең жаманы осы.Отбасының құты (тірегі) болған әйел даладан бір қонақ келсе, үйінде ері болмаса да, оған сусын беріп, бар дәмін алдына қояды, сыйлап аттандырып салады. Бұлар – Айша мен Фатимадан бата алған әйелдер. Хан ием, мұндай әйелдер өссе де көп емес, бәлкі аз. Сіздің ошағыңызға да сондай әйел кез болсын.Одан соңғысы – ынсапсыз, қанағатсыз әйел. Ондай әйел таңертең төсегінен тұрып, беті-қолын жумастан тоғыз тоқаштың бәрін аударыстырып, ең тәуірін таңдап жейді, аузын томпайтады, бір шелек айранды басына көтеріп, қарынды қампитады, содан соң маңдайын сабалап, жылана бастайды да: «Қараң қалғыр, осы күйге мен қайдан душар болдым. Бір күн қарным тойып ас ішпедім, жүзіме күлкі келмеді, аяғыма ілген кебісім болмады, бетімнан перде түспеді. Ерім өліп басқаға тисем, бағым ашылар еді, сол үмітім өшпесін», — дейді. Хан ием, ондай әйел мың болса да, өсіп-өнбесін, сіздің ошағыңызға кез бола көрмесін.Одан соңғысын салақ әйел дейміз. Ондай әйел төсегінен тұрған соң беті-қолын жуады, үйдің ол шеті мен бұл шетіне қарайды да, күбіні абыл-құбыл пісіп, көрпе-төсегін жинайды. Содан соң «шуу!» деп ауыл кезіп, түс қайта үйіне оралады. Келсе үйі ұрланған, қазан-аяғын ит жалаған, бие-бұзау сүйкеніп, үйдің қорадағы байлаулы қалған сиыры мөңірейді. Келе сала әйел көршілеріне барып, шаптыға бастайды: «Ау, қыздар-ау, Зылихам, Зүбайрам, Руғейдам, бикештерім. Уа, азамат туған жігіт-желендерім, Айна-Мәлік, Құтлы-Мәлік қайда едіңдер? Ойбай-ау, үйім

кұлап қалыпты, түнде қайда жатамыз? Мені ерігіп жүр дедіңдер ме? Зәру жұмыс болған соң кетіп едім ғой. Үйіме неге көз қырын салмадыңдар? «Көрші ақысы – Тәңір ақысы деген қайда?» – деп, безек қағады. Хан ием, ондай әйел мың болса да өсіп-өнбесін, сіздің ошағыңызға кез болмасын. Ең соңғысы – адам тілін алмайтын кесір (қырсық) әйел. Үйге түзден бір ұятты қонақ келіп, ері оған: «Орныңнан тұрып, нан әкел, желік, қонағың да жесін», — десе, әйелі еріне: «Үйде піскен нан жоқ», — дейді. «Барыңды бер», — десе, әйелі: «Не сандалып отырсың, үйіңнің әлдеқашан қу молаға айналғанын білмейсің бе? Үйде ұн жоқ, диірменге кеткен түйе қайтқан жоқ, оның не әкелері белгісіз. Дастарқанымды жемесе, берерім жоқ», — деп бармағын көрсетеді, еріне сыртын беріп, дастарқанды кісі алдына лақтырып тастайды. Ондай әйелге мың сөз айтсаң, соның бәріне жауап қатады, бірақ ерінің айтқанын құлаққа ілмейді. Ондай әйелді Нұх пайғамбардың көз жасынан пайда болғандар дейміз. Хан ием, сізді Алла осындай әйелдерден сақтасын, ондай әйел сіздің ошағыңызға кез болмасын»[8,41-46бб].

Қорыта келгенде, ежелгі түрік халықтарында патриархалды басқару жүйесі болғанымен де, олардан жеткен әр түрлі деректер, ғылыми зерттеулер нәтижесінде дала дүниетанымында, көшпелілер мәдениетінде әйел затына деген құрмет, ізет ерекше болғандығы байқалады. Әйел - мәңгілік тақырыптардың бірі болғандықтан, әйел жайында үнемі сөз қозғалып отырады. Әсіресе әйел-ананың қоғамдағы орны мен атқаратын қызметіне байланысты көзқарастар алуан түрлі. Қалай болса да, ананы құрметтеу, әйелді ардақтау бүкіл түркі халықтарына ортақ, ата-бабаларымыздан келе жатқан салт-дәстүр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы, 1993, 103 б.
2. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990, 220 б.
3. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996.
4. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005, 240 с.
5. Х.М. Думанов, А.И.Першиц. Матриархат: новый взгляд на старую проблему.
6. В.А.Кузнецов. Нартской эпос и некоторые вопросы истории осетинского народа.
7. Қазақтың мифтік әңгімелері. Құрастырған Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. Ғылым баспасы. –Алматы, 2002.
8. Қорқыт ата кітабы оғыздардың батырлық жырлары: Орыс тілінен аударған Ә. Қоңыратбаев, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986.

ӨОЖ 81'373.46=512.122=512.1

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕ ОРТАҚ ТЕРМИНДЕР

Оспанәлі Сымбат Керімбайқызы

simbat.ospanali@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

түркітану кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, доценті Қуанышбаев Е.А

Terim, çeşitli bilim dallarına, sanat ve meslek kollarına özgü sözcükler olarak tanımlanmaktadır. Terimler, yapılan her türlü bilimsel çalışmada çeşitli inceleme alanlarının uzmanları, teknisyenleri ve araştırmacıları tarafından ortak bir akademik dilin kullanılmasını ve üretilen yeni bilginin tüm kullanıcılar tarafından aynı biçimde algılanabilmesini sağlayan dil birimleridir. Terimler, standart bir anlama sahip olan, açık ve net bir anlam ifade eden dil öğeleridir. Anlatılmak istenenin doğru bir biçimde ifade edilmesinde ve daha sonraki çalışmalara temel